

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ:
ЖАҒАНДЫҚ АУҚЫМДАҒЫ ЖАҢА СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

III Бөлім

**ДИСТАНЦИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
НОВЫЕ ВЫЗОВЫ ГЛОБАЛЬНОГО МАСШТАБА**

Часть III

**DISTANCE LEARNING:
NEW CHALLENGES ON A GLOBAL SCALE**

Part III

Нұр-Сұлтан, 2020

УДК 378
ББК 74.58
Д 48

Главный редактор: **Сыдыков Е.Б.**

Заместитель главного редактора: **Онгарбаев Е.А.**

Члены редакционной коллегии: **Ильясова А.С. (ответственный редактор), Сеилов Ш.Ж., Козыбаев Д.Х., Нурмодин Е.Е., Бейсенбай А.Б., Бекманова Г.Т., Мукажанова Л.Г., Дюсекеев К.А., Кушенова Г.И., Адамов А.А., Омарбекова А.С., Рахметулина Ж.Б., Алдонгаров А.А., Байхожаева Б.У., Бейсенова Р.Р.**

Д 48 Дистанционное образование: новые вызовы глобального масштаба: сборник статей/главный редактор Сыдыков Е.Б. – Нур-Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020. – 260 с.

ISBN 978–601–337–389–8

В данном сборнике, подготовленном Евразийским национальным университетом имени Л.Н. Гумилёва, представлены материалы международной конференции на казахском, русском и английском языках по вопросам дистанционного образования.

Выступления участников конференции посвящены актуальным проблемам и перспективам актуальных задач в области применения дистанционных технологий и распространение эффективного инновационного опыта на международном уровне.

Сборник рекомендован всем участникам образовательного процесса для обмена педагогическим опытом и дальнейшего повышения квалификации.

ISBN 978–601–337–389–8

УДК 378
ББК 74.58

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, 2020
© Институт повышения квалификации и дополнительного образования, 2020

БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЕРДІҢ АКТ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ӨЛШЕУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Қ. Шалғынбаева

А. Гумилев атындағы ЕНУ-нің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының
профессоры, п.ғ.д.

Г. Бапанова

«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 2-курс докторанты

Отандық білім беруді реформалаудың қазіргі жағдайы білім беру жүйесін ұлттық экономика мен қоғамның дамушы құрылымы қажеттіліктеріне сәйкестендіруге бағытталған көптеген түбегейлі өзгерістермен сипатталады. Бұл өзгерістер, ең алдымен, білім беру мазмұнын жаңарту, сапалы білімге қол жетімділіктің теңдігін қамтамасыз ету, жеке тұлғаға бағытталған аспектілерге басымдық бере отырып оқытудың инновациялық технологияларын дамыту, болашақ мамандарды даярлауда құзіреттілік тәсілге көшу, жаңа білім беру жүйесіне көшу және басқа инновациялар. Білім берудің құзіреттілік тәсіліне көшуі болашақ мамандарды даярлауда қойылатын талаптарға қол жеткізудің жаңа тәсілдерін әзірлеу қажеттілігіне алып келеді. Осыған байланысты студенттердің кәсіби құзіреттілігінің жаңа стандарттарымен анықталған кешеннің осы сапасын өлшеу проблемасы туындайды.

Жалпы «өлшеу» ұғымын әр салада әртүрлі түсіндіріледі. Мәселен, физика саласында «Өлшеу – техникалық шараны қолдану бойынша қолдануға неғұрлым жайлы формада осы шаманың мәнін алу мақсатында өлшенетін шаманың бірлігі» деген анықтама берсе, педагогика

саласында М. Розенберг «бұл бұрын алынған сандық жүйенің (немесе сынып жүйесінің), қарым-қатынасы бар изоморфты эмпирикалық жүйенің негізінде педагогикалық объектілердің немесе құбылыстардың кейбір белгілерін сипаттайтын шамалардың сандық мәндерін эксперименталды түрде анықтайтын немесе олар жататын сыныпты көрсететін танымдық процесс» деп педагогикадағы өлшеуді айқындайды [1].

Негізінен педагогикалық өлшемдер педагогикалық ғылым мен білім беру практикасының салыстырмалы түрде аз зерттелген бағыттарының бірі болып табылады. Ол ХІХ ғасырдың аяғы - ХХ ғасырдың басында алғашқыда шетелде, Англияда, АҚШ-та және Францияда пайда болды. Жүз жыл ішінде осы үш елге Австралия, Нидерланды, Израиль, Оңтүстік Корея, Жапония қосылды. Өткен ғасырда педагогикалық өлшемдер шетелдік педагогикалық ғылымның дамып келе жатқан бағыттарының біріне айналды [2].

Педагогикалық ғылымдарының дамуына елеулі үлес шетелдік ғалымдар А. Anastasi, А. Birnbaum, W. Brown, L. J. Cronbach, R. L. Ebel, R. Fisher, R. Glezer, J. P. Guilford, H. Gulliksen, L. L. Guttman, R. Hamblton, P. Horst, G. F. Kuder, R. Linn, J. Loevinger, F. M. Lord, W. Masters, J. Nitko, J. Nunnally, G. Rasch, M. W. Richardson, G. Sax, C. Spearman, M. Stone, E. L. Thorndike, R. L. Thorndike, D. Weiss, W. Wiersma және S. G. Jurs, B. D. Wright еңбектерінде педагогикалық өлшеулер мен оның мәселелері қаралған [3]. Батыс елдерінде, әсіресе АҚШ-та, қазіргі уақытта теориялық және нақты материалдар кеңнен жинақталды. Педагогикалық өлшеулер саласында жыл сайын монографиялар, арнайы ғылыми журналдар, оқу құралдары шығарылады.

Сонымен қатар ресейлік ғалымдар да (В. С. Аванесов, В. И. Андреев, Ж. А. Байрамова, Т. М. Бальхина, Н. А. Гулюкина, Н. Ф. Еремова, Е. Н. Лебедева, И. И. Легостаев, А. А. Макаров, Н. Н. Мирошниченко, Е. А. Михайлычев, В. Г. Наводнов, В. П. Панасюк, В. Ю. Переверзева, И. Д. Рудинский, М. Б. Чельшкова) педагогикалық өлшеулер саласын қарастырған [4].

Біз мақаламызда білім берудің құзыреттілік тәсіліне көшуін сөз етіп отырмыз. Бүгінгі таңда, білім – қоғамды әлеуметтік, мәдени үдеріспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық болып отыр. Алайда оның құндылық сапасын жоғары көтерудің басты шарты-кәсіби мамандардың құзыреттілігін дамытуға тікелей байланысты. Себебі, білімге негізделген қоғам құрылысының басымдықтарын есепке ала отырып, кәсіби мамандар тарапынан аса жоғары құзыреттілік талап етіледі.

Құзыреттілік түсінігі көп аспектілі жан-жақты мағананы білдіреді. «Құзыреттілік» термині әдетте белгілі бір әлеуметтік-кәсіби статус иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, біліктілігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі арқылы сипатталады.

Латынның «competentis» деген термині «білу», «жасай алу», «дегеніне жету» деген мағыналарды береді. Бұл жалпы алғанда құзыреттіліктің мәнін анықтайды. Кәсіби құзыреттілік категориясын айқындау үшін оларды әр түрге айналдыру, нақтылау және жалпы логикалық ұғымға біріктіруді жүзеге асыру керек. Мәселен зерттеуші ғалым Ш. Таубаева: «Құзыреттілік – бұл тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның қасиеті» десе [5], ал Ресейлік ғалымдар: В. А. Адольф, Н. В. Кузьмина, А. К. Маркова, Э. Ф. Зеер, В. А. Слостенин, Т. Ф. Лошакова және т.б. педагогикалық зерттеулерінде педагогтардың кәсіби құзыреттілігі туралы мәселеге көп қызығушылық пайда болғанын айта келіп, «құзыреттілік – бұл білімді, іскерлікті қолдану қабілеті, оқу міндеттерін шешуде тәжірибие

негізінде стандарттан тыс жағдайда адамның табысты нәтижелі әрекет ету қабілеті» деп тұжырымдайды.

Бүгінгі таңда біздің сөз етіп отырған мамандығымыз – әлеуметтік педагог. Бұл мамандықтың қоғамдағы атқаратын қызметі, білім саласына тиімділігі педагогтарға қойылатын талаптармен ұштасып жатыр. Яғни өлшемдерде де әлеуметтік педагог жалпы педагогика ғылымының саласы болғандықтан оның бастапқы теориялық негіздері педагогикадан туындап, педагогтарға қойылатын талаптарды осыған негіздейді. Қалай дегенменде бұл мамандық өзіндік ерекшеліктері болғандықтан біз өлшем көрсеткіштерін аталған мамандықты дайындауда мемлекеттік стандартқа негіздеу қажеттігін алға тартамыз

Біздің зерттеу нысанымыз әлеуметтік педагогтердің кәсіби іс-әрекетке даярлығындағы ақпараттық құзіреттіліктері болып отыр. Себебі, әлеуметтік педагогтер-адамның әлеуметтенуінің және оның қоғамға бейімделуінің педагогикалық аспектілерін қарастыра отырып, адам мен қоғамның өзара әсерлесуі негізінде қалыптасуын, дамуын зерттейді. Сондай-ақ, тұлғаны әлеуметтендіру процесін білімдік-тәрбиелік құралдармен реттеудің және жүзеге асырудың, әлеуметтік болмыстың адам өмірі барысындағы мақсаты мен міндеттеріне ықпалын қарастырады. Жеке адамдарға, жалпы тұрғындардың топтарына көмек көрсетуді өз міндетіне жатқызады.

Сондықтанда біріншіден әлеуметтік педагогтердің ақпараттық құзіреттілігіне біз олардың коммуникативтік құзіреттілігін жатызамыз. Өйткені, коммуникативтік құзіреттілік біріншіден, жеке тұлғаның дамуы мен өзіндік дамуы процесіндегі әлеуметтік педагогтің жеке тұлғалық қасиеті; екіншіден, әлеуметтік педагогикалық қарым-қатынастық мақсаты, түйіні, құрылымы, құралы, ерекшелігі туралы хабардарлығының көрсеткіші; қажетті технологиялық деңгейін меңгеруі; кәсіби маман ретінде жеке психологиялық сапасы; коммуникативтік іс-әрекетін әрдайым жетілдіріп тұруға тырысуы; негізгі құндылық ретінде жеке адамның тұлғасына бейімделе білуі, «бағдар ету», сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынас кезінде туындайтын міндеттерге шығармашылық, қапысыз шешім таба білу қабілеті.

Болашақ әлеуметтік педагогтердің ақпараттық құзіреттіліктерін арттыруға көбінесе мониторингтік зерттеулер мен бағалау технологиясы септігін тигізеді. Ал мониторингтік зерттеулер жүргізудің жолдары келесілер болып табылады:

- АКТ құзіреттіліктерін анықтайын дағдыларды айқындау;
- Анықталған дағдыларды тексеретін тапсырмаларды жасау;
- Тапсырмаларды әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып жүзеге асыру;
- Алынған нәтижесі бойынша жұмыс жүргізу;
- әр семестр сайын мониторинг жүргізу арқылы АКТ құзіреттіліктерін арттыруға жол ашу.

Осы ұсынылғандар жолдар толығымен болашақ маманның кәсіби құндылық қабілеттерінің көрсеткіші ретінде айқындалса, онда маман дайындауда ЖОО өзінің межелеген мақсат мүддесіне жетті деп айтуға болады. Осы орайды кез келген өлшем өлшеу кезеңіне қарай өзіндік мазмұнға иеленеді. Сондықтан тәжірибесі бар не тәжірибесі жоқ мамандықтардың кәсіби құндылықтарының көрсеткіштерінің бірдей болмайды оны біз тәжірибенің осы орайда басымдық фактор ретінде көреміз.

1. Возможность проведения традиционного ("бумажного") и компьютеризированного (в локальной сети) тестирования 15-бет

2. Аванесов В.С. Возникновение и развитие тестового контроля. Гл. 2 дисс. на соиск уч. степени докт. пед. наук «Методологические и теоретические основы тестового педагогического контроля». СПб.: СПбГУ, 1994. 339 с
3. Аванесов Вадим Сергеевич «Вопросы методологии педагогических измерений», журнал «Педагогические измерения» №1 2005 г.
4. Звонников В. И. Педагогические измерения в управлении качеством обучения, г. Ростов-на-Дону - 2006
5. Сейлханова Б. К. Болашақ мамандардың ақпараттық- коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері [Электронный ресурс]//alashainasy URL: <https://alashainasy.kz/psychology/bolashak-mamandardyin-akparattyik-kommunikativtk-kuzyirettlgn-61899/> (дата обращения: 17.09.2020)